

Астана қаласы әкімдігінің
«№ 5 «Ақбота» балабақшасы» МКҚК



Ұлттық құндылық-тәрбие өзегі

Орындаған: қазақ тілінің оқытушысы Ахбутина Алмагуль Таяновна

*Вариативтік компонентке арналған
авторлық бағдарлама*





«ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚҚА ҚАНЫҒЫП ӨСКЕН ӨРЕННІҢ
ТАНЫМЫ ТЕРЕҢ, ДІЛІ БЕРІК БОЛАДЫ».

Қасым-Жомарт Тоқаев





Түсінік хат

Мазмұны

Тақырыптық
жоспары

Мақсаты,
міндеттері

Тақырыптық
жоспарлау

Пайд-н әдебиеттер

Бағдарламаның
өзектілігі, тиімділігі

Рецензиясы



Абайдың жетінші қара сөзінде дарынды балаға берген **алтын** ереже: “Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – “ішсем, жесем, ұйықтасам” деп тұрады, екіншісі – “көрсем, білсем, үйренсем” деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді”

Бағдарламаның өзектілігі:

Ұлттық құндылықтар – ұлттық идеяның негізгі өзегі, ұлт болмысының қалыптасудың басты бағыттарының бірі. Ұлттық идея – туған жер, өскен орта әсерлерінен қалыптасып, халықтың тілі, ауыз әдебиеті, салт-санасы, әдет-ғұрпы, ырымдары мен тыйымдары арқылы жүйеленген сезім. Ол – ұлттың болмысы, өзіндік психологиялық ерекшелігі.

Қазақ халқының осындай дәріптеуге, қастерлеуге, дамытуға тұрарлық ұлттық рухани және материалдық құндылықтары туралы ұлағатты, құнды ойларын халық игілігіне жұмсап, келешек ұрпаққа, ел-жұртқа ие болар азаматтарды тәрбиелеуге қолдану керек.

Тұлғаны қалыптастырудағы басты құндылықтардың бірі – өз елі, тарихы, халқы үшін мақтаныш сезімі. Өз халқының тарихын, салтын, әдет-ғұрпын білетін, өз Отанын құрметтейтін, еліне жаны ашитын, ол үшін жауапкершілікті сезінетін тұлғаның патриоттық тәрбиесі ұлттық тәрбиенің өзегі болып табылады.





Шәкірт ұстазына “Мен үшін қиналмай, еркін жоғары қарай көтерілетін білім баспалдағын табыңыз!” дейді.

Бағдарламаның тиімділігі:

Бұл авторлық бағдарлама мектепке дейінгі жастағы, қоршаған ортасын жаңа танып келе жатқан, балаларды ұлттық құндылықтармен таныстыруға арналған. Бағдарламада жоспарланған тақырыптар балаларды алған білімдерін функционалды және шығармашылықпен қолдану, зерттеу жұмыстарын жүргізу, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдеріне белсенді қатысу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларын дамытуға бағытталған.



*“Білім, еңбек – бақыттың
жібермейтін қазығы,
Білімсіз бақ - алдекімнің азығы”
М. Әуезов*

Мақсаты: Ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу.

Міндеттері:


Оқушыларды ана тілі мен тарихын, мәдениеті мен дінін, салт-дәстүрлерді құрметтеуге және ұлттық интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастыру
Оқушыларды ата-бабамыздың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып кейінгі ұрпаққа жеткен мұрасымен таныстыру.

Оқушыларды халықтық салт-дәстүрден нәр алып өсуіне инабаттылыққа, мейірімді, қайырымды болуға тәрбиелеу.

Халықтық салт-дәстүрімізді, ұлттық мұрамызды дамыту

Күтілетін нәтиже:

Ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды азамат қалыптасады.





Түсіндірме жазба

ВАРИАТИВТІК БӨЛІМНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ

Вариативтік білім беру – Қазақстандағы қазіргі білім беру жүйесін дамытудың негізгі ұстанымдары мен бағыттарының бірі. Жоспардың вариативтік бөлімі білім берудің вариативтілігін, мектепке дейінгі ұйым қызметінің басым бағытын көрсетеді, балалардың жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтары мен бейімділіктерін ескере отырып, оларға арналған білім беру қызметінің саласын кеңейтуді қамтамасыз етеді.

Вариативті бөлімді күн тәртібінің шеңберінде өткізу мерзімі мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігінің құзырында болады. Үйірме жұмысы мектеп жасына дейінгі балалармен мектепке дейінгі ұйымдарда күннің екінші жартысында, ал мектепалды даярлық сыныптарында күннің бірінші жартысында өткізіледі. Өткізу орындары: топ бөлмесі, музыка залы, Ұлттық құндылық орталығы, «Зияткер академиясы», денешынықтыру залы және т.б.

Бағдарлама қазақ халқының құндылықтарымен, салт-дәстүрімен таныстыруды мақсат етеді.



№	Тақырыбы	Мерзімі	Мазмұны
1	«Сәби» қалпы.	қыркүйек	«Сәби» қалпы. Қазақ халқы той-думанға, салт-дәстүр мен жоралғыға бай халық. Баланың туылғанына бастап отау құрып, балалы болғанына дейін толып тұрған салт. Шілдехана, Тұсау кесу, Сүндет той, Сырға той туралы
2	«Диірмен» қалпы.	қазан	Қол диірмені екі үлкен қыша тастан жасалған. Ортасында бидай салатын үнгісі бар. Бұрын дәмді, күлше нан пісіру үшін біздің әжелеріміз қол диірменін қолданған. Диірменмен бидай ұсатып, ұн жасаған.
3	«Домбыра» қалпы	қараша	Домбыра - қазақ халқының өте ерте және кең тараған, нағыз табиғи ұлттық музыкалық аспабы. Домбырадан шыққан үнді – күй, ал домбыра тартатын адамды – күйші деп атайды. Домбыраның құрылысы көптеген бөліктерден тұрады. Мынау домбыраның басы, құлағы, мойыны, пернелері, домбыраның беті, шанағы, тиегі, ішегі, дөңгелек дыбыс ойығы деп аталады. Домбыра - ішекті музыкалық аспап. Ол ағаштан жасалған және де қазақтың ұлттық ою – өрнегімен безендірілген.
4	«Күбі» қалпы	желтоқсан	Күбі негізі діні мықты емен ағашынан жасалады. Бұдан бөлек қайың, арша, кей жерде жиде ағашын да қолданады. Бұл енді табиғи өнімнің қолжетімділігіне байланысты. Ол үшін ағашты ұзақ кептіру қажет. Мәселен, күбі қайыңнан жасалса, шикізат бірнеше жыл бұрын дайындалып, кептірілген болуы шарт. Сол сияқты әр ағашты қасиетіне, икеміне қарай дайындайды. Қажетті ағаштарды жонып күбінің пішінін келтіреді. Одан кейін темірмен 4

5	«Қыран құс» қалпы	қаңтар	Ол қасқырды да алатын өте күшті, ірі денелі алып құс. Бүркіт биік таулар шыңдары мен жар тастарын мекендейді. Кейде ормандарда да кездеседі. Бүркіт өте сақ, адам көзіне шалдыға бермейді. Қанат құлашы 2 метрге дейін жетеді.
6	«Ұршық» қалпы	ақпан	Ұршық жүннен шүйкелеп жіп иіруге арналған құрал. Қазақстан аумағында ұршықты шаруашылық қарекеттерде пайдалану неолит заманынан басталады. Әсіресе, қола дәуіріндегі ескерткіштерден басы арнайы қыштан құйылған ұршық қалдықтары көптеп табылған. Ежелгі Шығыс елдерінде де қол ұршығы пайдаланған. Дәстүрлі қазақ қоғамында ұршық мал өнімдерін пайдаланудағы басты еңбек құралдарының бірі болды. Ол – мұрындық (сірге, ағаш) басы мен саптан тұрады. Ағаш, мүйіз, құс, тас, сүйек (түйе мен өгіздің ортан жілігінің айдар басы), қорғасын сияқты материалдардан жонып жасалған. Ұршықтың басы дөңгелек немесе жартышар тәрізді болады.
7	«Садақ» қалпы	наурыз	«Садақ» қалпы. Көшпелі қазақ халқының жауынгерлік дәстүрінде ату, шабу, кесу, түйреу және соғуға ыңғайлы найза, садақ, қылыш, айбалта және шокпар секілді бес түрлі қару қолданылған. Өйткені, қарудың бұл түрлері ат үстінде отырып ұрыс салуға және жаяу соғысқа, шұғыл қимыл жасауға ыңғайлы, жеңіл сілтенетін қару түрлері болып саналады.
8	«Аққу» қалпы	сәуір	қазтәрізділер отряды, үйрек тұқымдасының жеке туысына жататын өте сымбатты құстар. Қазақстанда аққудың (Circus) үш түрі: сұңқылдақ аққу, сыбырлақ аққу, кіші аққу кездеседі. Мойны мен денесінің ұзындығы тең әрі иіліп келген. Денесі созылыңқы, басы онша үлкен емес, тұмсығы тік әрі жалпақтау келеді. Қысқа сирағы денесінің арт жағында орналасқан.
9	«Қошқар мүйіз» қалпы	мамыр	Айналасына түртпе оюы ойылып, алдыңғы және артқы жақ бөлігінде шақпақталған, үшбұрыш оюлары айналдыра үйлесімін тапқан. Мүйіздің төменгі, яғни жиектемелерінде өсімдік тектес ою-өрнектері


Бағдарламаның жоспары


№	Кіші топ	Ортаңғы топ	Ересек топ	МАД тобы
1.	Сәлемдесу	Сәлемде сұлу сыр бар.	Сәлемде сұлу сыр бар.	Сәлемде сұлу сыр бар.
1.	Аты-жөнді, тегін туған жерін, мекен –жайын білу.	Аты-жөнді, тегін туған жерін, мекен –жайын білу.	Аты-жөнді, тегін туған жерін, мекен –жайын білу.	Аты-жөнді, тегін туған жерін, мекен –жайын білу.
1.	Үлкендерді құрметтеу, кішіге ізет көрсету	Дастарханға бата беру	Дастарханға бата беру	Дастарханға бата беру
1.	«Сәби» қалпы	«Сәби» қалпы	«Сәби» қалпы	«Сәби» қалпы
1.	«Диірмен» қалпы	«Диірмен» қалпы Еңбектің наны тәтті	«Диірмен» қалпы	«Диірмен» қалпы
1.	Ұлттық тағамдар	Ұлттық тағамдар	«Күбі» қалпы	«Күбі» қалпы
1.	Құстар- қанатты достар	«Көк аспанның әміршісі-қыран»	Қыран құс-қазақтың киелі құсы	«Қыран құс» қалпы
1.	Ұлттық саз аспаптары	Ұлттық саз аспаптары	«Домбыра» қалпы	«Домбыра» қалпы
1.	Менің сүйікті ойыншықтарым	Жүннен жасалатын бұйымдар	«Ұршық» қалпы	«Ұршық» қалпы
1.	«Садақ ату» ойын	«Садақ ату» ойын	«Садақ ату» ойын	«Садақ ату» ойын
1.	Қасиетті құс -аққу	«Аққу»қалпы Ою-өрнек	«Аққу»қалпы Ою-өрнек	«Аққу»қалпы Ою-өрнек
1.	Киіз үйді білесің бе?	Қазақтың ою-өрнектері. Жапсырма	Асыл мұра «Қошқар мүйіз» қалпы	Асыл мұра «Қошқар мүйіз» қалпы



Пайдалануға ұсынылған әдебиеттер тізімі

1. Ақжарқын Бадел. Қазақ этнопедагогикасы-тәрбие бастауы. Әдістемелік құрал Астана, 2011-160 бет
2. Қазыбеков Н. Дала өрнектері: этнографиялық сипаттамалар. - Алматы: Балауса, 1994-128 бет.
3. Айса Хамзеұлы. Сыйлық- Астана-2006-32 бет
4. Ақыпбекұлы Өтепберген. Қырық қызық. Алматы: Балауса, 2002 ж. -96 бет
5. Мәженқызы Р., Мыңбайқызы Ж. Гүлге тұнған шық. Балдырғандарға арналған таным-дәріс. Алматы: Ана тілі, 1998. 80 бет.
6. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы, «Мектеп», 1987ж.
7. С.Қалиев, М. Оразаев, М. Смайылов. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы, «Рауан», 1994ж.
8. Салт-дәстүр сөйлейді «Отбасы хрестоматиясы» Құрастырғандар: Мұхит Төлеген, Әділбек Нәби, Асылтай Тасболат Алматы «Орхон» Баспа үйі 2017 ж
9. Дәстүрінді сақтай біл 1-2-3-кітапша Жинақ Алматы «Жазушы» баспасы 1992 ж





*Назар қойып
тыңдағандарыңызға
рахмет!*

